

едік» (Жазушы Ғ.Мүсірепов). «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2а, ә сыныптарымен Аудандық кітапханаға саяхат жасалынды.

Мақсаты: Кітапхана өмірімен таныстыру. Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. Кітапқа деген қызығушылықты арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.



«Балалар және театр» жобасы

Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес қыркүйек айында Б. Соқпақбаевтың “Менің атым-Қожа” повесіне сахналық қойылым қойылды. Қойылымға 9-10 сынып оқушылары қатысты. Кітаптағы бейнеленген бейнелерді оқушылар өте жақсы сомдап шықты. Көрсетілім қою барысында оқушылардың ұжыммен жұмыс жасауы, ауызбіршілік қасиеттері нығайды. Оқушылар коллективпен жұмыс жасауды үйрене бастады. Образға ене отырып, әр бейнені қасиетін аша білді. Көрермендер сонау ерте кезде түсірілген киноны көргендей болдық деп өте жоғары баға берді.






Желтоқсан айында “Мемлекеттік рәміздер-ел мақтанышы” атты 2-4 сынып оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Яғни, 2,3,4 сынып оқушылар патриоттық өлеңдер, құттықтау сөздер айтып видео жолдады. Видеода оқушылар өз елін мақтан қылып, қазақ еліне деген патриоттық өлеңдер айтты. Шараға сынып жетекшілері де ат салысты.



Наурыз айында “Балалар және театр” үйірмесінің жоспарына сәйкес “Мен сүйетін кейіпкер” тақырыбында эссе жазу байқауы өтті. Байқауға 9-10 сынып

оқушылары қатысты. Эссе жазу барысында оқушылар өздерінің оқыған Бауыржан Момышұлының “Үшқан ұя” кітабынан Б. Момышұлының халықтың батыры, тұлға болып қалыптасқанға дейінгі тұлғалық қасиеттеріне тоқталып, кейіпкерді жан-жақты аша білді.

Сонымен қатар оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтары ашылып, эссе жазуда жақсы көрсеткіштер көрсетті. Сайыс барысында қазақ тілі пәні мұғалімдері эссені тексеріп, жеңімпаздар марапатталды.



Сәуір айында “Балалар және театр” үйірмесінің жоспарына сәйкес 8-10 сынып оқушылары “Мәдениетке саяхат” тақырыбына сәйкес аудандық мәдениет үйіндегі жұмыстармен танысып келді. “Ашық есік” күніне орай аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері мекемедегі барлық бөлімдермен таныстырды.

Балалар және театр жобасы бойынша барлық іс –шаралар жоспарға сәйкес өткізілді.

«Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының» атқарған жұмыстары

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге

бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізілді.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтыды. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

№2 Қарауылкелді орта мектебінің «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бойынша өткізілген жұмыстар

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023

жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, мектебімізде 31 тамыз күні (№68/2 бұйрық) «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды.

№2 Қарауылкелді орта мектебі бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әректесуі бағытындағы іс-шаралар жоспары құрылды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ашылуы 08.12.2023 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының кабинеті ашылды. Мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Аталған шараға аудандық білім бөлімінің әдіскері Е.Қожабаев пен мектеп оқушыларының ата-әжелері, әке-аналары, қамқоршылық кеңес мүшелері, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Барлық қатысушыларымызға ұлттық мұраларымызды насихаттау, қадірлеуге баулу мақсатында мектеп фойесіне қазақы нақышта безендіру жұмыстары жасалынып, самаурынмен шәй ұсынылып, диірмен мен келсаптың жұмысы таныстырылып, түбіт иіру, қамшы өру мен бес тас ойындарынан үзінді көрсетілді. Ер серігі ер тұрманның пайдасы туралы айтылып, тазы иттің қасиеті туралы түсіндірілді. Келген қонақтар «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарымен танысып, мектеп жанынан құрылған «Даналық мектебінің»: «Аталар өсиеті», «Әжелер даналығы», «Ағалар қамқорлығы», «Жеңгелер кеңесі» клубтарына сәйкес 4 топқа бөлініп отырғызылып, ақ дастарханнан дәм татты. Әр топқа бас қосқан ата-әже, аға-жеңгелер мен оқушылар өз өнерлерімен бөлісті.





20.11.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Отбасы-бақыт бесігі” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.





<https://www.instagram.com/p/Cz3OmtLIDLp/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>

23.11.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Ақыл айтпа, жол көрсет” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты:Ата-ананың құндылықтарға деген көзқарасын байқау.Ата-аналарды баларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.Баланың бүгінгі істегенқадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.





<https://www.instagram.com/p/COBh7Vcg-uZ/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>

28.11.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 10-11 ынып оқушыының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Ақыл айтпа, жол көрсет” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата - аналар мен ұстаз арасындағы жылы қарым қатынасты орнату, бірлесе отырып, балалардың тәртібі мен оқуын қадағалап олардың өмірде жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.







20.12.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Әрбір бала-жарық жұлдыз” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: Ата - аналар мен ұстаз арасындағы жылы қарым- қатынасты орнату. Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндігін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.





12.12.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.



19.12.2023 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 10-11 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Көркем мінез - баға жетпес байлық” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың эмоционалды құзыреттілігін, өзіндік санасезім, өзін-өзі реттеу, эмпатия және қарым-қатынасты реттеу дағдыларын дамыту.




12.01.2024 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.



24.01.2024 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Бұлақ көрсең, көзін аш Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.





<https://www.instagram.com/p/C2hZhikox79/?igsh=MzRlODBiNWFlZA==>

16.01.2024 күні “Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы

“Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез-құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.





<https://www.instagram.com/p/C2hZhikox79/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы 2023-2024 оқу жылында өз мәнінде жүргізілді.

Сілтеме.

<https://www.instagram.com/p/Cz30mtLIDLp/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/Cxruv5bIxr/?igsh=eHZqZWs4M3NrbGUx>

<https://www.instagram.com/p/CzLhuYooRjX/?igsh=ZzexdXRtZnRxZHe5>

<https://www.instagram.com/reel/Czl7pL2I06P/?igsh=MTN1bWpnM2ltZXN2cQ=>

<https://www.instagram.com/reel/C0s5euLIJHF/?igsh=MTVIZmtuZDZ3ZjI4Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/C0s5ulzIvJJ/?igsh=dmp0ejBtdG84Y243>

**№ 2 Қарауылкелді орта мектеп психологының педагогикалық-
психологиялық қызметінің 2023-2024 оқу жылында
жасалған жұмыстарының есебі**

Психологиялық қызмет көрсетудің мақсаты

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіндегі қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызмет көрсетудің міндеттері

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- Білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру;
- Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады;
- Білім алушылармен, ата-аналармен (занды өкілдіктермен) және педагогтармен психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік жұмыстардың нысанын және әдісін таңдайды;
- Барлық оқу кезеңінде білім алушының, тәрбиеленушінің жеке-психологиялық ерекшеліктерінің психологиялық диагностикасын жоспарлайды; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша құжаттамалармен, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың жеке істерімен танысу;
- Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналар (занды өкілдіктер) арасында психологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- Жоғары оқу орындарының психология кафедраларымен және тәжірибелі психологтар қауымдастықтарымен байланысты қолдайды;
- Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайдағы педагогтарға, білім алушыларға, тәрбиеленушілерге психологиялық көмек және қолдау көрсетуді жүзеге асыру;
- Білім беру ұйымдарының әлеуметтік саласын үйлестіруді қалыптастыру және әлеуметтік бейімсіздіктің туындауының алдын алу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

- Психологиялық қызметтің жұмысын жақсарту мәселесі бойынша білім беру органдарына ұсыныс білдіру ;

Психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша атқарылған жұмыстар:

Оқушылардың әлеуметтік деңгейлерін маманмен бірлесе зерттелді(әлеуметтік педагог)

Қолайсыз отбасыларын анықтау, рейд ұйымдастырылды (ДТЖО, әлеуметтік педагог)

Жаңадан келген оқушылардың ортаға бейімделуін, көңіл-күйлерін бақылап, жағдай жасалды. Өгей әкемен тұратын оқушылардың және ААҚҚ оқушылардың отбасын зерделеу жұмыстары

Мектеп алды даярлық, бірінші класс оқушыларының мектепке, жана әлеуметтік жағдайға бейімделуіне, ортаға бейімделулеріне жағдай жасалып, көңіл-күйлерін үнемі бақылауда ұсталды. Мектепшілік, облыстық пәндер олимпиадасына психологиялық дайындық (тақырыптық тренингтер) ұйымдастырылды.

Сенім жәшігі, сенім телефоны бойынша әр аптаның жұмасы күні комиссия мүшелерімен отырыстар ұйымдастырылып, талқылау жұмыстары жүргізілді. Сенім телефонына арыз, шағым, өтініштер түскен жоқ. Сенім жәшігіне де өрескел өтініш, арыз-шағымдар түскен жоқ.

Педагогикалық-психологиялық кеңес беру жұмысы бойынша:

Кеңес беру жұмыстары тұрақты түрде атқарылды. Жүргізілген диагностикалардың қортындысы бойынша ұстаздарға бағыттар, ата-ана, оқушыларға ұсыныстар, кеңестер берілді.


Кеңеске келген ата-ана, педагог, оқушылар нәтижелі бағыттарға қол жеткізді. Кеңес беру журналы толтырылды.

Психодиагностикалық, түзете-дамыту, ағартушылық жұмыстар

Қыркүйек айының 15 күні 1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау үшін Керн-Йирасек тестісі алынды.

Қатысқан оқушы: 22

Жұмыс қортындысы бойынша:



Мектеп табалдырығын аттаған оқушылардың мектепке ,оқуға деген көзқарастары қалыпты. Төменгі деңгейдегі, тереңдетілген диагностикаларды қажет ететін оқушы жоқ. Оқушылардың мектепке, достарымен қарым-қатынасы, білімге деген қызығушылықтары жақсы деңгейде.

I сынып оқушыларымен «Менің бүгінгі көңіл-күйім» арт-терапия «Кімге не жетіспейді?», «Мектепке көңілді барамыз» психологиялық тренинг «Топ-топқа бөлу», «мен не білемін» ,«Мен бірінші сынып оқушысымын», «Ағаш», «Аспан-жер-су» психологиялық тренинг «Менің сыныбым» суреттік жобалау тестілері алынды. Оқушылар өздерін оқушы ретінде жақсы сезінеді, мектепке не үшін келетіндерін біледі. Сөздік қорлары жағымды, байланыстырып сөйлей алады. Танымдық деңгейлері дамыған.

Қазан айында, орта буынға бейімдеу жұмыстары бойынша 5 сыныбынан Н.Г. Лусканов «Мектепте маған не ұнайды?» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Мектеп мотивациясының қалыптасқандығын диагностикалау.

Қатысқан оқушы саны-19

Қорытынды, ұсыныс: Мектеп мотивациясы жақсы қалыптасқан, III деңгейдегі оқушымен түзету топтарын құру, мектепке бейімдеу жұмыстарын жүргізілді

Сынып жетекші: ата-анасымен байланыста болу, балаға жағымды жағдай туындату. Сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытында жылы қарым-қатынас жасау, үйірме, қоғамдық жұмыстарға тартуға ұсыныстар берілді.

5-ші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді. «Менің сыныбым» суреттік жобалау тестілері алынды.

Оқушылар өздерін оқушы ретінде жақсы сезінеді, мектепке не үшін келетіндерін біледі.

“Кел, танысайық!”, “Біз бесінші класқа көштік”, «Менің сыныбымның ғаламшары» атты тренингтер, сауықтыру, түзете-дамытушылық сабақтар өтті. Оқушылар өз ойларын еркін айта білді. Оқушылардың бойынан ашықтықты, әсемдікті аңғаруға болады. Оқушылардың көзқарастарында бастауыш сыныпты кимастық сезім бар екендігін, кейде бастауыш сыныптағы қызықты сәттерін естеріне алатындықтарын қуана жеткізуде. 5 сыныпта пән мұғалімдеріне бірден үйрене отырып, қиындықтың да кездесетінін жасырмайды. «Біз және біздің сынып», «Менің сүйікті пәндерім» сабақтарында орта буындағы сабақтардың қызық та көңілді екендіктерін жеткізуді. 5 сыныпқа келгендіктерін бір саты болса да ер жеттік деп есептейді. Кейбір оқушыларға математика сабақтарынан қиындықтар кездесуде, бірақ жеңуге тырысу үшін еңбектеніп оқимыз дейді. Интеллектуалдық даму деңгейлерін зерттеу мақсатында

Қазан айында: бастауыш сынып бойынша әрбір оқушының темперамент ерекшеліктерін класс жетекшілерінің бағалаулары бойынша анықталды.


Қатысқан класс: 2-3-4 барлық оқушы-74

Мұғалімдер мен ата-аналарға баламен қарым-қатынаста мінез ерекшеліктерін ескеруге бағыттар берілді.

Қараша айында, Дж. Морено. Социометрия әдісі.

Мақсаты: Өзара тұлғааралық қарым-қатынас деңгейлерін, класс ұжымы ішіндегі әлеуметтік баспалдақты анықтау.

Қатысқан класс. 3-11 класс. Барлығы: 189 оқушы қатысты.



Сынып жетекшілерге: лидер, лидерлікке бейім оқушылармен бірлесе отырып, оқшауланған оқушыны ортаға бейімдеу, ол оқушыға сенім арту, қоғамдық шараларға қатыстыру, класс ішіндегі шараларға тапсырмалар беру, бірлесе орындауға бағыт, ұсыныстар берілді. Жеке, топтық дамытушылық түзету жұмыстары жүргізіліп, жұмыстар нәтижесінде 2 оқушы ортаға бейімделіп, топқа қабылданды. Достары бар. Жолдастарымен, ортамен жағымды қарым-қатынасқа түсе алды.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде ешқандай кедергі жоқ. Пән мұғалімдерінің оқушылармен бірлесе жұмыс жасауында айтарлықтай қиындық кездеспейді. Оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында ауытқушылық жоқ, дегенмен оқушылармен психодиагностикалық, профилактикалық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп отырды. Кеңес нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан – жақты жауап ала алды. Жеке адамдардың сұранысына және жоспарлы топтық, жеке кеңестер жүйелі түрде берілді. Орта буынға бейімделу барысында ата-ана, пән мұғалімдері мен ұстаздарға ауыспалы кезеңдегі тұлғаның жеке ерекшелігіндегі кездесетін сәтсіздіктер, оның алдын-алуға кеңестер мен бағыттар берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын- алу бойынша жүргізілген жұмыстар.

Қазан айында, "зорлық зомбылық туралы мен не ойлаймын?" жасырын әдіспен сауалнама алынды. Қатысқан сынып 6-11. Қатысқан барлық оқушы-89

Сауалнама қортындысы бойынша, оқушылар зорлық зомбылық мағынасын түсінеді. Отбасылық, өз орталарынды балаға зорлық әрекеттер көрсетілмеген. Отбасы мүшелерімен, ата-аналарымен қарым-қатынастары жағымды. Үлкендерге сенімділіктері жоғары.

Осы сыныптарға "Зорлық зомбылықсыз балалық шағым" сауықтыру сабағы болды.

мақсаты: Зорлық зомбылықтың түрлері, оның адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін, зорлыққа қарсы заң бар екенін сенім телефоны мен сенім жәшіктері туралы ақпараттар беріп, мейрімділік, адами қасиеттерін дамыту.

Қазан айында, құқықбұзушылықтың алдын алу, «Кикілжің дау-дамай. Қарым-қатынастағы сәттілік» тақырыбында сауықтыру жұмысы аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, 8-9 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кикілжің, оның себептері, алдын алу жолдары, сәтті қарым қатынас жасай білулерін дамыту, құқықбұзудың алдын алу.

Желтоқсан айында 9-11 сыныптар аралағында "Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын-алу" бойынша жасырын сауалнама алынды.

Қатысқан оқушы- 30

Сауалнама қортындысы бойынша: Оқушылар арасындағы моральдық психологиялық климат жағымды. құқықбұзушылықтың алдын алу іс шараларына көңілдері толады.

Желтоқсан айында ДТІЖО бірлескен: «Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің рөлі» дөңгелек үстел өткізілді.

Тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен

«Менің отбасым және мектеп» тренинг және кеңестер ұйымдастырылды.

Қортынды: Оқушылар айтылған барлық ережелер мен кеңестерді ескеретіндіктерін айтып, өз ой пікірлерімен бөлісті.

Желтоқсан айында «Ұрпақ саулығы ұлт саулығы» вэйтін денсаулыққа зияны туралы кеңес берілді.

Қаңтар айының 25 күні, 3-4 сынып оқушыларымен сауықтыру сабағы жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың адамгершілік бағытын жетілдіру арқылы сөйлеу тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін шыңдау. Әр ортада өздерінің жан жақтылығын жетілдіру, таныту толеранттылыққа баулу, рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т.б адами қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Міндеттері: оқушыларды ұнамсыз, жағымсыз қылықтардан сақтандыру, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру, адамгершілікке, ізгілікке баулу. ауырып ем іздегенше, ауырмаудың алдын-алу, ұнамсыз әдеттерден жирене отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін психологиялық көмек берілді.

"Әлеуметтікке қарсы мінездің" алдын-алу бағытында жүргізілген жұмыстар.

Қыркүйек айының 26-29 аралығында "Көтеріңкі көңіл күй жан шуағы" тренингі 7-11 сыныптар аралығында өтті. Мақсаты: Оқушылардың өз мінез құлықтарына басшылық жасай алуын қамтамас ету, көтеріңкі көңіл күйдің әсерін түсініп, көңіл күй тұрақтылығын сақтауларын дамыту. Көтеріңкі көңіл күйдің 5 құпиясын үнемі есте ұстануға кеңес берілді. Оқушылар тренингке белсенділікпен, қызығушылықпен қатысып, ішкі, сыртқы көңіл күйлерінің тұрақтылығын сақтау әдістерін білді.

Қазан айында 8-11 сынып аралығында DASS тестісі алынды

Қатысқан оқушылар саны: 60

Мақсаты: Бала бойындағы депрессия, стресс, үрейді анықтау.

Қорытынды: Оқушыларды күйзеліске бейімділік, мазасыздық, қобалжу байқалмады, қалыпты деңгейде. Оқушылардың позитивті өмірлік ұстанымдарын дамыту, эмоционалды көңіл күйлерін көтеру, өмірдің құпиялылығын сезіне білуге, кездесетін қиыншылықтар мен келеңсіздіктерді жеңе білуге баулу, дамыту. мақсатында "Өмірдің бақытты сәттері" дамыта-түзету сабағы жүргізілді.

"Тимбилдинг- ұйымшыл және тату ұжым"

Мақсаты: Біртұтас команда моделін қалыптастыру, ұжымда жағымды психологиялық әлеуметтік климат құру.

тренинг барысында, бірін-бірі қолдап, өзара сенімділікке жете білді, біртұтас команда құрып, кез келген жағдайларда тиімді шешімдер қабылдап, эмоционалды көңіл күйлерін реттей алды.

Қорытынды: Ойын әрекетінде оқушылар белсенділіктерін көрсете алды.

Қорытынды: Оқушыларды депрессиялық жағдайлар және депрессияға жақын жағдайлар анықталған жоқ. Ұстаздарға, ата-аналарға ұсыныстар берілді. Дамытушылық сабақтарды жалғастыра өткізе беру қарастырылды.

13-16 қараша аралығында "Өзің таңдаған-өмір" дамыта-түзету сабағы ұйымдастырылды. Мақсаты: Жеткіншектердің өзін-өзі тануларын қалыптастыру міндеті: Жеке тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлқын анықтау, шиеленіс жағдайлардан шыға білуге, өзін-өзі іштей бақылауға, негативті импульсті шығару.

қорытынды: Оқушылар өздерін жайлы сезінді. Өзіндік таңбаларын кез келген уақытта есте ұстануға, кез-келген қиыншылық артында қуаныш бар екенін және өздерін қолдайтын жақын адамдарының бар екенін есте ұстануға бағыт берілді.

Қаңтар айында 5-6 сыныптар үшін "Құпия дос" психологиялық мереке ұйымдастырылды. Мақсаты: Жағымды психологиялық ахуал орнату, позитивті көңіл күй сыйлау, ой өрістерін дамытып, бірін-бірін тыңдауға, бірлесе жұмыс жасай алуға, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Қорытынды: Оқушылардың достық туралы ұғымдары кеңейіп, достарға деген сыйластықтары, жағымды қарым-қатынастары дами түсті, бір біріне жағымды, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

"Эмоционалды құзыреттілікті дамыту" тренингі. Мақсаты: Оқушылардың ішкі тыныштығын сезіне білуде адамның сабырлылық пен ұстамдылық қасиеттерінің ықпал ететінін түсіндіру, сабырлылық пен ұстамдылық, мінез-құлық мәдениеті адамдармен қарым-қатынастағы мәдениет, өз сезімдері мен көңіл күйлерін басқара білулерін дамыту.